

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Мақұлданған

"Халық-Life" АҚ Басқармасы
шешімімен

(2019 жылғы 13 тамыздағы отырыстың
№ 44 хаттамасы)

Бекітілген

"Халық-Life" АҚ Директорлар кеңесі
шешімімен

(2019 жылғы 02 қыркүйектегі
отырыстың № 31 хаттамасы)

**Бұл электрондық көшірме тек ақпарат үшін қолданылады.
Құжаттың бұл басылымы 04.07.2020 жылдан бастап қолданыстан шығарылды.**

**"Халық-Қазына" аралас өмірді сақтандыру
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2019

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
1-тарау. Қолдану мақсаты мен саласы	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	8
3-тарау. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері	8
3-бөлім. АРАЛАС ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ	8
4-тарау. Сақтандыру жағдайы	8
5-тарау. Сақтандыру шартының мәні	8
5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	8
7-тарау. Медициналық тексеру	9
8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру	10
9-тарау. Сақтанушыны ауыстыру	10
10-тарау. Сақтандырылған тұлғаны ауыстыру	11
11-тарау. Пайда алушы	11
12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	11
13-тарау. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі	13
14-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны	13
15-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі	14
16-тарау. Сақтандыру сыйақысын төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі	14
17-тарау. Сатып алу сомасы	14
18-тарау. Қарыз алу	15
19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері	16
20-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғанда жасайтын әрекеті, сақтандыру төлемін жасау шарттары мен тәртібі	17
21-тарау. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан босату негіздемесі	20
22-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	20
23-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу шарттары	21
24-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайы мен тәртібі	21
4-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ	22
26-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	23
27-тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеулер және сақтандыру шектеулері	23
28-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері	24

5-бөлім. ҚОРЫТЫҢДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	24
29-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгеруі	24
30-тарау. Қосымша шарттар	25

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Қолдану мақсаты мен саласы

1. Осы «Халық-Қазына» өмірді аралас сақтандыру ережелеріне сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен пайдаға қатысумен өмірді аралас сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.
2. Осы Сақтандыру ережелерінің көшірмесі Сақтандыру шартын жасау кезінде клиентке беріледі, Сақтандыру ережелері Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

3. Осы Сақтандыру ережелерінде мынадай терминдер пайдаланылады және олардың анықтамалары:

1) **Актуарий** – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгілеген актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша емтихандар тапсырған жеке тұлға;

2) **Пайда алушы** - Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

3) **Сатып алу сомасы** – Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушыға төленуге тиісті ақша сомасы.

4) **Сақтандыру жылы** – Полисті жасаған күннен басталатын (сақтандырудың бірінші жылы) күнтізбелік жылдар (он екі айлық кезең);

5) **Полиске бір жыл толу** – сақтандырып қорғау қолданысы кезеңіне сәйкес келетін полис шығарылған күн және аймен сәйкес келетін күн, саны және айы;

6) **Кәмелет жасына толмаған баланың заңды өкілдері** – ата-анасы (біреуі), асырап алушылар, қамқоршы немесе қамқорына алушы, асырап алған ата-анасы (біреуі), патронатты тәрбиелеуші және басқа да оларды білетін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамқорлықты, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын тұлғалар;

7) **Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін тұлға; он төрт жастан бастап алпыс бес жасқа дейінгі. Бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның жасы Сақтандыру шартының қолданысы аяқталғаннан кейін жетпіс жастан аспауы керек;

8) **"USD/KZTTOD" бағамы** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген және Сақтандыру ережелерінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте қолданылатын АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы;

9) **Жалған мәліметтер** – сақтандыру шартын жасаған күні шындыққа (сақтандыру нысаны туралы шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру өтінішінде ұсынған сақтандыру нысаны туралы мәліметтер, олар сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының орын алуы ықтималдығына және ықтимал шығындар мөлшеріне әсер етуі

мүмін, осыған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

10) **қайғылы оқиға** – бұл адамның ырқынан тыс сыртқы механикалық, электр, химиялық немесе термиялық әсердің Сақтандырылған тұлға ағзасына әсерінен орын алған, нәтижесінде адамның денсаулығына зақым әкелген, жарақаттанған немесе қайтыс болуына әкелегн қысқа уақыттағы жағдай (оқиға);

11) **сақтандыру нысаны** – Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартында белгіленген белгілі бір мерзімге дейін өмір сүруімен байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі. Сақтанушының заңға қайшы мүдделері сақтандырылмайды;

12) **полис** – Сақтандырушының Сақтанушыға беретін, сақтандыру шартын жасауын онда және осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген шарттарда жасауын растайтын құжат;

13) **жаңартылған Полис** – Сақтандырушы Сақтанушыға алдында берілген Полис орнына сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;

14) **мерзімін ұзарту кезеңі** – ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын кезең, оның ішінде Сақтанушы мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті.

15) **кәсіби түрде спортпен шұғылдану** – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;

16) **Спорттық жарыстар** – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара;

17) **Сақтанушы** - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

18) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін Сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) шатта белгіленген сома шеңберінде (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін төлейтін «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

19) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру жағдайы орын алғанда төлейтін ақша сомасы;

20) **Сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары)** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін алғаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру сыйақысын төлеу осы сақтандыру ережелеріне сәйкес бір уақытта немесе кезенді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеумен жүргізіледі;

21) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

22) **Сақтандыру жағдайы** – орын алуына байланысты сақтандыру шарты талаптарымен қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылатын оқиға;

23) **Сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;

24) Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырылған тұлғаның қауіпті (экстремальды) әрекеттері деп мыналар қабылданады:

- Гидроциклмен жарыстар, жүру, сырғанау. Гидроцикл (су мотоциклі) — су беткейі бойынша глиссирлеу арқылы қозғалу үшін арналған ішкі жану стационарлық қозғалтқышпен жылдамдықты дербес су көлік құралы (жүзу құралы);

- Тауға шығумен байланысты туризм (альпинизм);

- Парашюттен секіру;

- «пружиналы ходульдарда» - джамперлерде жүгіру және секіру;

- Вейкбордта, маунтинбордингте жүру, сырғанау (скейтбординг түрлері, тақтайшада дөңгелектері ұлғайтылған, табиғи ландшафт бойынша сырғанау);

- Матадан жасалған арнайы қанат костюммен ұшу (Вингсьютинг);

- Парусты тақтайшаларда слалом, жарыстар, сырғанау;

- Арнайы велосипедтерде түрлі трюктерді немесе кросты орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));

- Аквалангпен су астына түсу;

- Дельтопланда, мотодельтапланда және оның басқа да түрлерінде ұшу;

- Биіктен мөлдір шар (зорб) арқылы түсу;

- спортшының тіркеуге алатын ауа жыланы (кайт) арқылы ұстайтын және басқаратын Тартылыс күші әсерімен су бетінде қозғалуы;

- жүзетін құралдарының көмегінсіз өзен коньондарынан өтуі;

- ұзын тақтайша арқылы асфальтталған беткей бойынша түсу (скейтке қарағанда барынша жылдам және бірқалыпты сырғанау үшін);

- арнайы велосипедте (Маунтинбайк) таудан түсу;

- парапланда, мотопарапланда және оның түрлерінде ұшулар;

- Pogo stick («Шегіртке») секіру, сонымен қатар пого-стик ретінде – секіруге арналған пружина, тұтқа, педаль және негізгі платформадан құралған құрылғы;

- Үрлемелі қайықта табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтумен таулы өзендер бойынша ағызу;

- Биік нысандардан арнайы сақтандыру арқандары арқылы секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, «тарзанка»);

- Қиын қол жетімді және қауіпті шатыр және биік ғимараттардың сүмбісіне сақтандырусыз шығу;

- Сёрфингке арналған тақтайшаларды немесе қысқа ласталарды және арнайы қолғаптарды қолданумен толқында сырғанау;

- Адамның стандартты емес снарядтармен күш жұмсайтын жаттығуларды орындауы, мысалы, автомобильді көтеру (күш жұмсайтын экстрим);

- Жасанды немесе табиғи рельеф бойынша өрмелеу (Скалолазание);

- Скнигбордта (роликті тақтайша) трюктер жасау;

- Анрайы шаңғымен, арнайы сноуборд снарядында қар басқан шыңдардан түсу, сырғанау;

- Қар жабынында немесе мұзда шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидағы ұсталатын кайт көмегімен сырғанау;

- Құмда сноубордпен жүру. Құм карьерлерінде немесе шөлейтті бархандарда жүзеге асырылады;

- Үңгірлерде жүрумен байланысты туризм (Спелеология);

- Мотоцикл жүргізіп отырып трюктер жасау;

- Велосипедте, мотоциклда немесе жүк машинасын жүргізіп отырып кедергілерді жеңумен байланысты спорттық іс-шараларға қатысу (Триал);

- Арнайы снарядта асфальтталған беткейлерден түсу (фриборде);

- Трюктерді жасай отырып роликті конькилермен сырғанау (Роллерблейдинг);

- Арнайы дайындалмаған трассалардан тыс табиғи шатқалдар мен таулардан түсу, сырғанау (Фрирайд: тау шаңғысы және сноуборд, вело фрирайд);

- Күрес – онда екі қатысушы айқаста кімнің жеңімпаз екенін анықтау мақсатында бір-бірімен күш сынасатын, тек физикалық күшті ғана пайдаланатын немесе әртүрлі спорттық құралдарды және/немесе қолға ұстайтын суық қаруды қолдана отырып орындайтын спорттық жарыс түрі;

- аңшылық;

- атқа міну және кез келген жануарға міну;

- әуе шарында, аэростат, планерде және оның әртүрлі түрлерінде ұшу;

- авто- мото- және авиа түрлерімен спорттық жарыстың барлық түрі;

- кез келген спорттық жарыстарға қатысу;

сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген әрекеттер мен спорттық жарыстардың басқа да көпетеген түрлері.

4.Қысқарту:

1) Полис – сақтандыру полисі/сақтандыру шарты;

2) Сақтандыру ережелері – «Халық қазына» өмірді аралас Сақтандыру ережелері;

3) Компания –«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3-тарау. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері

5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына қайғылы оқиғаларды сақтандыруға қатысты қосымша шарттар енгізілуі мүмкін. Осы шарттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.
6. Сақтандыру шартының қайғылы оқиғалардан сақтандыруға қатысты қосымша шарттарына Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайында сақтандыру кіреді.
7. 3-бөлімде берілген осы Сақтандыру ережелерінің қағидалары аралас өмірді сақтандыруға қатысты қолданылады.
8. Осы Сақтандыру ережелерінің 4-бөлімінде көрсетілген шарттар Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қолданылады.
9. Осы Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде көрсетілген қағидалар осы Сақтандыру ережелерінің 4-бөлімінің қағидаларына егер соңғысында басқасы қарастырылмаған болса ғана қолданылады.

3-бөлім. АРАЛАС ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

10. Сақтандыру жағдайына Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шартында белгіленген белгілі бір мерзімге дейін (сақтандыру мерзімі) өмір сүруі немесе Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шарты (сақтандыру қорғанысы) кезеңінде қайтыс болуы кіреді.

5-тарау. Сақтандыру шартының мәні

11. Сақтанушы сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйақысын) сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.
12. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

13. Сақтандыру шарты жазбаша үлгіде Сақтандырушыны Сақтандыру ережелеріне қосу арқылы жасалады. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі сақтандыру шартын жасауға өтінішке қол қоюы, одан кейін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеу арқылы расталады.; Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Полис шығару арқылы расталады. Сақтандыру шартын жасағанда Сақтанушыға Сақтандыру ережелерінің көшірмесі беріледі. Полис және аталған Сақтандыру ережелерінің көшірмесі сақтандыру шарты болып табылады.
14. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) Сақтандырушыға сақтандыруға өтінішті Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша беруге міндетті.

15. Сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) сақтандыру өтінішінде сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын анықтау үшін айтарлықтай мәнге ие өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

16. Маңызды деп барлық жағдайда сақтандыру тәуекелін бағалағанда сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығына және ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, осы Сақтандыру ережелерінде белгілі бір түрде келісілген, сақтандыру өтінішінде немесе Сақтанушыға шартты жасаған кезеңде бағытталған Сақтандырушының жазбаша сұратуында көрсетілген жағдаяттар танылады.

17. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы - тараудың 16-тармағында көрсетілген жағдаяттар туралы алдын ала белгілі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысын немесе шарттың өткен мерзімі үшін сақтандыру жарналарын келтірілген шығындарды шегере отырып қайтарып береді, ал егер сақтандыру төлемі жасалған болса – төленген соманы қайтарып беруін талап етуге құқылы.

18. Сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) мүгедектер, оларға тәуекелді жекелеген бағалау барысында андеррайтерлер қабылдаған тұлғаларды қосылмайды;
- 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар;
- 3) жасағаны үшін түзету-еңбек ету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғалар;
- 4) Компания андеррайтерлері алып тастаған тұлғалар.

19. Сақтандыру ережелерінің 18-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты осындай шарт жасалған сәттен бастап қолданыста енгізілмеген болып саналады, ал төленген сақтандыру сыйақысы Сақтанушыға Сақтандырушы шығындарын шегере отырып қайтарылуы тиіс.

20. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін Полис және басқа да осы Сақтандыру ережелерінде келісілген құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады.

21. Сақтандыру шартын жасағанда сақтандыру шартын жасауды қалаған тұлға (Сақтанушы) сақтандыру шартына Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқидан сақтандыруға қатысты қосымша сақтандыру шарттарын қосуға құқылы.

22. Сақтандыру шартына Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша шарттарды енгізуге сақтандыру шартын жасап қойғаннан кейін рұқсат етілмейді.

23. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары өмірді аралас сақтандыру бойынша сақтандыру шарттарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген шарттарсыз сақтандыру шартына енгізілмейді.

7-тарау. Медициналық тексеру

24. Сақтандыру шартын жасағанда Сақтандырушы сақтандыралатын тұлғаның (сақтандырылған тұлға) оның денсаулығының нақты жай-күйін

Сақтандырушының осындай тексерулер жүргізуге белгілеген медициналық мекемеде бағалау үшін медициналық тексеруден өтуін талап етуге құқылы. Сақтандырылатын тұлға медициналық тексеру өткізуден бас тартқан жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

25. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасауды қалаған (Сақтанушы) есебінен немесе сақтандыралатын тұлғаның (Сақтандырылған тұлға) есебінен жүргізіледі. Егер сақтандыру шарты медициналық тексерулерден кейін жасалған жағдайда, медициналық тексерулер бойынша шығындарды Сақтандырушы медициналық тексеруге жасалған төлемді растайтын құжатта көрсетілген мөлшерде өтеледі.

26. Егер медициналық тексеру Сақтандырушының алдын ала белгілеген медициналық мекемесінен басқа медициналық мекемеде өтікізілетін болса, онда медициналық тексеру бойынша шығындар Сақтандырушының осындай тексерулер жүргізуге белгілеген медициналық мекемесіндегі осы құн шегінде ғана өтеледі.

27. Егер сақтандыру шарты жасалмаса, немесе бірінші сақтандыру жарнасы салынбаса немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде толық төленбесе, онда медициналық тексеру бойынша шығындарды Сақтандырушы өтемейді.

8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру

28. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге міндетті.

29. Осы Тараудың 28-тармағының шарттары егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның кәмелет жасына толмаған заңды өкілі болса (сақтандыру шартын жасаған күні) қолданылмайды.

9-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

30. Сақтанушы сақтандыру шартында анықталған барлық құқықтар мен міндеттерді соңғысының, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтандырушының келісімімен басқа тұлғаға беруге құқылы. Осындай құқықтар мен міндеттерді беру үшін Сақтандырушыға Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға және Сақтанушының құқықтық мұрагері (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары міндеттерін қабылдайтын тұлға) қол қойған Сақтанушыны өзгертуге өтініш беру қажет. Сақтанушыны өзгерту осы Сақтандыру ережелері шарттарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер және толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

31. Сақтандырылған тұлға емес Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында белгіленетін құқықтар мен міндеттер Сақтандырылған тұлғаға оның келісімімен өтетін болады. Сақтандырылған тұлға сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындай алмаған жағдайда оның құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлғаларға өтуі мүмкін.

32. Сақтандырылған тұлға (заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлға) сақтандыру

шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтық мұрагері Сақтанушы алдын ала Сақтандырушыға жазбаша хабарламада көрсеткен тұлға болып табылады, ал осындай хабарлама болмаған жағдайда – Сақтанушының мұрагерлері заңнамада қарастырылған тәртіпте тағайындалады.

10-тарау. Сақтандырылған тұлғаны ауыстыру

33. Осы Сақтандыру ережелерінің шарттары бойынша Сақтандырылған тұлғаны ауыстыру жүргізілмейді.

11-тарау. Пайда алушы

34. егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтанушы сақтануға өтініште Сақтандырылған тұлғаның келісімі бойынша Пайда алушыны (немесе сақтандыру төлемінен үлестерін көрсете отырып бірнеше Пайда алушылар) тағайындайды.

35. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырылған тұлға сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүретін болса Пайда алушы Сақтанушы болады.

36. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін Сақтандырылған тұлға емес - Пайда алушыны Сақтандырушы келіскен жағдайда басқа тұлғаға ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

37. Пайда алушы ол Сақтанушымен жасалған келісімнен немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты қоюына байланысты туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін басқа тұлғамен алмастырыла алмайды.

38. Сақтандырылған тұлға емес Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болса – Сақтанушының мұрагерлеріне заңнамада белгіленген тәртіпте өтетін болады.

39. Егер Пайда алушы және Сақтандырылған тұлға бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылған тұлғадан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады.

12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

40. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;

4) Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру сыйақысын алуға;

5) Полисті жоғалтып алғанда оның телқұжатын алуға, бұл ретте Полистің телқұжатының нөмірі жоғалған Полистің нөмірімен бірдей болуы керек.

41. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы ақпарат беруге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей хабарлауға. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және егер болса оларды растайтын құжаттарды беруге міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының ырқына келмейтін себептер бойынша болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемді жүзеге асыруынан бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі Сақтанушының ырқынан тыс жағдаяттар болып табылады, атап айтсақ: тежеусіз күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ шектелмейтіндері: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.;

4) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге;

5) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

42. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының орын алуының жағдаяттары мен себептерін тексеруге;

4) Сақтанушыдан тәуекел дәрежесін анықтау және тариф мөлшерін белгілеу үшін маңызы бар кез келген ақпаратты сұратуға;

5) жылына бір реттен жиі емес өз есебінен (егер Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс болса көлік шығындарын қоспағанда) Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушы белгілеген қосымша медициналық тексерулерін жүргізуге;

6) Сақтанушы Сақтандырушы сұратқан тәуекел дәрежесін, тариф мөлшерін, сонымен қатар теріс қорытынды жасалса Сақтандырушының андеррайтерін анықтау үшін

қажетті мәліметтерді бере алмаған немесе беруді қаламаған жағдайда сақтандыру шартын жасаудан немесе қайта қалпына келтіруден бас тартуға;

7) Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының кез келген берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы;

8) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

43. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және шарттарда жасауға;

2) Сақтандыру құпиясын сақтауды қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талап етуі бойынша Сақтандыру ережелерінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық шарттарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарлама алғанда дереу оны тіркеуге және Сақтанушыға олардың тізімін және қабылдау күнін көрсете отырып құжаттарды қабылдау туралы анықтама беруге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) немесе оның өкілі сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, оларға жеткіліксіз құжаттар туралы Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлауға.

13-тарау. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі

44. Сақтандыру шарты, егер Сақтанушы сақтандыру сыйақысын сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде төлеген жағдайда Полисте белгіленген Полисті жасау күні күшіне енеді. Сақтандыру шарты Полисте көрсетілген мерзім (сақтандыру мерзімі) ішінде әрекет етеді. Сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңі сақтандыру шартының қолданысы мерзімімен сәйкес келеді.

45. Сақтандыру шартында сақтандырудың және (немесе) сақтандыру қорғанысының әрекет етуінің басқа да мерзімдері қарастырылуы мүмкін.

46. Егер Сақтандырушы сақтандыруға өтінішті алған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде сақтандыру төлемі төленбеген болса немесе толық төленбеген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және ол күшіне енген болып саналады. Осы негізде Сақтандыру шартынан бас тарту жағдайында Сақтандырушы ол туралы Сақтанушыға хабарлауға және Сақтанушыға толық төленбеген сақтандыру сыйақысын, егер осы төлем Сақтандырушыға келтірілген шығындарды шегере отырып шыққан болса Сақтанушы төлеген сома мөлшерінде қайтаруға міндетті .

14-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны

47. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тыс аумақтарды әрекет етеді. Қолданыс орны Полисте көрсетіледі.

15-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі

48. Сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы берген сақтандыруға өтінім негізінде анықтайды және ол Полисте көрсетіледі.
49. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартында теңгемен және АҚШ долларындағы балама сомасында Сақтандыру ережелерінің 23-тарауында белгіленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеу шарттарына сәйкес көрсетіледі.
50. Сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы орын алған күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеледі.

16-тарау. Сақтандыру сыйақысын төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі

51. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын Сақтанушы Полисте көрсетілген мөлшерде бір уақытта төлейді.
52. Сақтандыру сыйақысы сақтандыру шартында теңгемен және АҚШ долларындағы балама сомасында Сақтандыру ережелерінің 23-тарауында белгіленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша қайта есептеу шарттарына сәйкес көрсетіледі.
53. Сақтандыру сыйақысы қолма-қолсыз төлеммен Сақтандырушының Полисте көрсетілген банктік шотына төленуі мүмкін.
54. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын толық көлемде сақтандыру шарты қолданысқа енгізілген мерзім басталған күнге дейін төлеуге міндетті.
55. Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйақысын төлеу теңгемен сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) және Сақтандыру ережелері шарттарына сәйкес қайта есептеу шарттарында жүргізіледі.

17-тарау. Сатып алу сомасы

56. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын (егер ондай болса) алуға құқылы.
57. Сатып алу сомасы сақтандырудың бірінші жылынан бастап қалыптасады және Полисте сақтандырудың әрбір жылы аяқталған күніндегі жағдай бойынша көрсетіледі. Сатып алу сомасының мөлшерлері сақтандыру шартында Сақтанушыға сатып алу сомасы шегінде және осындай қарыздар бойынша пайызда көрсетілген.
58. Сатып алу сомасын Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандырушыға сақтандыру сомасын төлеуге оны бұзу себептері, Сақтанушының ЖСН (егер Сақтанушы заңды тұлға болса - БСН) және банктік деректемелер, Полис немесе оның телқұжаты, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері көрсетілген өтінішті берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.
59. Сақтандыру ережелерінің 89-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарты бойынша бір уақытта Сақтандырылған болып табылатын

Сақтанушының мұрагерлері жоғарыда айтылған Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына жатпайтын оқиға салдарынан қайтыс болуына байланысты сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сатып алу сомасына құқылы. Сатып алу сомасын Сақтандырушы осы Сақтанушының қайтыс болған күнімен саналады. Бұл ретте, Сақтанушының мұрагерлері банктік деректемелер көрсетілген жазбаша өтінішті; Полис немесе оның телқұжатын; Сақтанушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін; жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін; Сақтанушының мұрагерлерінің ЖСН, заң бойынша мұрагерлікке құқық туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.

60. Сақтандырушы сатып алу сомасын төлегенде Сақтанушының Сақтандырушы алдындағы сақтандыру шарты бойынша берешегі мөлшеріндегі ақша сомасын ұстап қалуға құқылы.

61. Сатып алу сомасын төлеу теңгемен клиенттің сақтандыру шартын бұзуға өтініш берген күні белгіленген "USD/KZT TOD" бағамы бойынша жүргізіледі.

62. Сатып алу сомасына салық салыну Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

18-тарау. Қарыз алу

63. Сақтанушы сақтандырудың екінші жылынан бастап сатып алу сомасы шегінде Сақтандырушы тиісті қаржылық жылы анықтаған максималды рұқсат етілетін сомадан аспайтын мөлшердегі қарызды алуға құқылы. Бұл ретте қарыз сақтандырудың соңғы жылы берілмейді.

64. Сақтандырушы және Сақтанушы арасындағы Қарыз шарты юір жыл мерзімге жасалады және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес құрастырылады.

65. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушының алған қарызын қайтаруды қамтамасыз ету болып табылады және қарыз сомасын және бір жылда қарыз берілген кезең үшін есептелген сыйақыны жабады. Қарызды беру мерзімі сақтандыру шарты қолданысы мерзімінен аспауы керек, одан қарыз шартын жасаған сәтте қолданысы аяқталған нақты кезең шегеріледі.

66. Қарыздарды өтеу және осындай қарыздар бойынша сыйақыны төлеу бойынша Сақтанушының кез келген берешегі Сақтандырушының төлейтін ақша сомасынан ұсталынады. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек Сақтандырушының сатып алу сомасын төлеу кезеңінде төленуге тиісті ақша сомасынан ұсталынады – Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу жағдайында, сақтандыру төлемін төлеу барысында – ал егер сақтандыру жағдайы орын алған болса, егер осы уақытта аталған берешекті Қарыз алушы өтемеген болса. Аталған берешек Компания Пайда алушыға (Сақтанушыға) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төлеуге тиісті сома арқылы өтелетін болады.

67. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданыс мерзімінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері сақтанушының қарыз шарты бйынша берешек сомасына кемітілетін болады. Сақтандыру шартының қолданысының әрбір келесі жылы үшін Сақтандыру сомасының мөлшері және сатып алу сомасының

мөлшері жасалған кемуді ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру жарнасын төлеген күніндегі сатып алу сомасының мөлшеріне қарай анықталатын болады.

68. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасы мөлшеріне жететін болса, онда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының және сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең болып саналады. Сақтандырушы ол туралы сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы және сақтандыру сомасы кеміген күнге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды және бір жақты тәртіпте сақтандыру шартын аталған күннен бастап бұзуға құқылы.

19-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

69. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғанда төлеуге тиіс сақтандыру төлемінің мөлшері кез келген жағдайда Полисте көрсетілген және Сақтандыру ережелерінің 23-тарауында белгіленген сақтандыру сомасын қайта есептеуді ескере отырып саналған сақтандыру сомасы мөлшерінен аспайды.

70. Егер сақтандыру құжаттары болған жағдайда сақтандыру жағдайы тура және жанама түрде төмендегілермен байланысты болса, Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайы орын алған – Сақтандырылған тұлға қайтыс болған күні Сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасына тең:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның лицензияланған әуе компаниясы кемесін қоспағанда, кез келген ұшатын аппаратта ұшуы;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикологиялық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;

9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану

71. Сақтандыру шартының үздіксіз қолданыста болған алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері қайтыс болу күніндегі сатып алу сомасына тең, егер ол тура немесе жанама түрде келесі жағдайлардың әсерінен болған болса:

1) Сақтандырылған тұлғаның өз-өзіне қол жұмсауы немесе сондай әрекет етуі;

2) Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, АТҚ-инфекциясымен сырқаттануы;

3) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, обаның туындауымен байланысты сырқаттану.

72. Осы Тараудың 70 және 71-тармақтарында берілген жағдаяттардың туындауымен байланысты емес сақтандыру жағдайлары орын алғанда сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.

73. Сақтандырылған тұлға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімге (сақтандыру мерзімі) дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.

74. Егер сақтандыру шартын жасағанда Сақтандырылған тұлғаның туған күні және/немесе жынысы дұрыс көрсетілмеген болса, салдарынан сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарнасы) немесе сақтандыру сомасы дұрыс аударылмаған болса, онда сақтандыру төлемі дұрыс туған күні және/немесе дұрыс жынысы бойынша түзетілуі керек.

20-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы орын алғанда жасайтын әрекеті, сақтандыру төлемін жасау шарттары мен тәртібі

75. Сақтанушы (Пайда алушы) қайтыс болуы туралы белгілі болғаннан кейін дереу, кез келген жағдайда қырық күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтандырушыға оның орын алуы туралы жазбаша үлгіде хабарлауы керек. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) орынды себептермен Сақтандырушыға сақтандыру жағдайларының жоғарыда көрсетілген мерзімде орын алуы туралы хабарлай алмаса, ол уақытылы хабарламау себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті, ал керек болған жағдайда оны құжат жүзінде растауы керек.

76. Сақтандыру кезеңінде қайтыс болуы жағдайы орын алса, Пайда алушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

1) Поликтің түнұсқасы (телқұжаты);

1) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, сонымен қатар жеке сәйктендіру нөмірі (ЖСН, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта ол болмаған жағдайда);

2) Пайда алушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;

3) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқықтарын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер Пайда алушыны Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаған анықтамаған болса);

4) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және қайтыс болуы туралы анықтама;

5) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы медициналық (дәрігерлік) куәліктің көшірмесі;

6) Құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен куәландырылған Химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелерімен қайтыс болу себептері және жағдаяттары себептері туралы сот-медициналық сараптамасы немесе потологоанатомиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде қарастырылған болса, ал егер ашу жүргізілмесе – ашудан бас тарту туралы растайтын құжат);

7) Егер Сақтандырылған тұлға стационарда қайтыс болған болса, медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған Сақтандырылған тұлғаның медициналық картасынан (сырқаттану тарихы) үзіндінің көшірмесі;

8) Сақтандырылған тұлғаның ауырған аурулары туралы ақпарат берілген Сақтандырылған тұлғаның амбулаторлық картасының оны берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесі.

77. Сақтандырушы сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (қайғылы оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы тұлға құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі;

2) Егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, берген мекеменің мөрімен куәландырылған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмесі (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғалары схемасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемесі, мамандардың сараптамалық қорытындысы);

3) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында сақтандыру жағдайы орын алғанда – Өндірістегі қайғылы оқиғалар туралы акті немесе осындай Актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және/немесе Сақтандырушының басқа да сұратқан құжаттары;

78. Сақтандырылған тұлға сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүрсе, Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

1) Полистің түнұсқасы (телқұжаты);

2) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттар, сонымен қатар жеке сәйктендіру нөмірі (ЖСН, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатта ол болмаған жағдайда);

3) Сақтанушының банктік деректемелері: Алушы банктің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, жинақтау, ағымдағы немесе карт шоты;

79. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайы орын алуын растайтын құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны алған күннен кейінгі келесі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті кемшілікті құжаттар туралы хабарламаны Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына жібереді.

79.Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғанын хабарлаған күннен бастап сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттары мен себептерін тексеруге құқылы.

80. Сақтандырушы осы Тараудың 76-79 тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күнне бастап он бес жұмыс күні ішінде бір реттік сақтандыру төлемін жасауға немесе сақтандыру төлемін жасаудан жазбаша үлгіде себептері көрсетілген бас тартуды беруге міндетті.

81. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемі мерзімін құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдаған және ол/олар заңдық күшіне енген сәтке дейін ұзартады. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа төленеді.

82. Егер Пайда алушы он төрт жасқа дейінгі кәмелет жасына толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттар негізінде сақтандыру төлемін алуға Пайда алушының заңды өкілі құқылы болады. Егер Пайда алушы он төрт жас пен он сегіз жас аралығындағы кәмелет жасына толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалары арқылы реттеледі.

83. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу үшін осы Тарауда көрсетілген құжаттардың түпнұсқасы немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (егер басқалай қарастырылмаса) беріледі. Сақтандырушының қалауы бойынша осы құжаттарды берген немесе осы көшірмелердің түпнұсқалары болған заңды тұлғаның уәкілетті өкілінің қолы қойылған және мөрімен куәландырылған құжаттардың көшірмесі беріледі.

84. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша көрсете отырып беруге міндетті.

85. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережелерінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты бермеген жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

86. Сақтандырушы егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген барлық құжаттарды бермеген жағдайда сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға міндетті.

87. Сақтандыру төлемін жасағанда Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемін жасаған күнгі бар кез келген берешегі мөлшері сомасын ұстап қалуға міндетті.

21-тарау. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан босату негіздемесі

88. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы:

1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдаяттарын тергеуге кедергі келтіруі;

3) Сақтандыруға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда осы Сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабарламауы.

89. Сақтандырушы Сақтандыру ережелерінің 88-тармағы 1-тармақшасына сәйкес Сақтандыру ережелерінің 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасау және орындаумен байланысты Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15% мөлшерінде қосымша шығындарын шегере отырып Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда Сақтанушының мұрагерлері) Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасын алуға құқылы.

22-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

90. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш бере отырып, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

91. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні, егер осындай өтініште Сақтанушы мерзімінен бұрын тоқтатудың барынша кеш күнін көрсетпеген болса, Сақтандырушының сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінішті алған күн болып саналады.

92. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап біріншіден он үшінші күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының алынған сомасын толық көлемде қайтарып беруге міндетті. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын шартты жасаған күннен бастап он төртіншіден отызыншы күнге дейінгі кезеңде бір жақты тәртіпте бұзатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алған сақтандыру сыйақысының сомасын Сақтандырушы сақтандыру шартын жасағанда келтірген сақтандыру сыйақысының алынған сомасынан жиырма пайызды шегере отырып қайтарып беруге міндетті. Басқа сақтандыру шартын мерзімінен бұзу жағдайларында Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша төлеген сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмайды.

93. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, осы Тараудың 91-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын және бонуысты сатып алу сомасын (егер болса) алуға құқылы.

94. Сақтандыру шартының қолданысы (қай оқиға бірінші орын алуына байланысты) тоқтатылады:

- 1) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген жағдайда (Сақтанушының сақтандыру шартынан бас тартуы);
 - 2) орын алған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
 - 3) Сақтандырылған тұлға емес Сақтанушы қайтыс болған болса (Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап), егер Сақтанушыны ауыстыру болмаған болса;
 - 4) Сақтандырушының Сақтандыру ережелерінде орын алған жағдайларда сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асыру үшін негіздемелердің орын алуы;
95. Сақтандыру ережелерінің 88-тармағында белгіленген сақтандыру шартын тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандырудың қосымша шарттарын алып тастау туралы өтініш берген күннен бастап тоқтатылады. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған жағдайда Сақтанушының өтініші бойынша осындай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

23-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу шарттары

96. Сақтандыру шарты бойынша барлық төлемдерді сақтандыру шартының Тараптары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырады.
97. Сақтандыру шарты бойынша (сақтандыру полис) сақтандыру сомасы, сатып алу сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйақысын Тараптар теңгеде және АҚШ доллары сомасына балама түрде оларды қайта есептеудің төменде шарттарында белгіленген белгілеген «USD / KZT TOD» бағамына сәйкес белгіленген:
- 1) Сақтандыру сыйақысы төлем жасалатын күні (операция жасалған күні) белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша теңгемен төленеді;
 - 2) Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы орын алған болса теңгеде сақтандыру жағдайы орын алған күні жоғарыда көрсетілген бағам бойынша төленеді, өмір сүрген жағдайда – сақтандыру шарты аяқталған күні төленеді.
 - 3) Сақтандыру төлемі жасалғанда сақтандыру сомасы жоғарыда көрсетілген бағам бойынша – сақтандыру жағдайы орын алған күні, ал өмір сүрген жағдайда – сақтандыру шартының қолданысының аяқталған күні қайта есептелуі тиіс;
 - 4) сатып алу сомасын төлеу, сақтандыру сыйақысын қайтару теңгемен клиенттің сақтандыру сыйақысын бұзу және/немесе қайтаруға өтініш берген күні белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша жүргізіледі.

24-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайы мен тәртібі

98. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Сақтанушының Сақтандырушыға беретін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініші негізінде жүргізіледі.
99. Сақтандырылған тұлға және сақтандыру шарты қолданыста болған кезең ішінде сақтандыру мерзімі өзгертілмейді.

100. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жазабаша үлгіде, егер барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақысы) өтінішті берген күні толық төленсе, сонымен қатар Сақтандырушы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулармен келіскен жағдайда енгізіледі және күшіне енген болып саналады:

1) Полисте тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты – Жаңартылған Полиске қол қойылған күннен бастап;

2) Сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты, оларға Полисте көрсетілген мәліметтер кірмейді – Сақтандырушының келісімімен расталатын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе, Сақтандырушының шығыс құжатты тіркеген күнінен бастап.

101. Жаңартылған Полис алдында шығарылған Полиске немесе алдында шығарылған Полистің телқұжатына алмастырылады. Жаңартылған Полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып саналады және қол қойылған күннен кейін алдында шығарылған Полис (ал ол жоғалған жағдайда - телқұжат) күшін жоятын болады.

102. Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін жаңа заңнамалық актілер қабылданса немесе сақтандырушы шарты талаптарына қатысты және осындай актілер қабылданғанға дейін жасалған шарттарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша талаптарды белгілейтін қолданыстағылары өзгертілген болса Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулерді енгізуге құқылы.

103. Сақтандырушы бір жақты тәртіпте сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы.

104. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартының барлық өзгерістері туралы, егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбеген болса, осы сияқты өзгерістер күшіне енгенге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыға жазбаша үлгіде хабарлап барып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жөнелткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгерістермен келіскен болып саналады.

105. Егер Сақтанушы Сақтандыру ережелерінің 103-тармағында айтылған жағдаяттарға (шарттарды бір жақты өзгерту) байланысты сақтандыру шартын бұзатын болса, Сақтандыру ережелерінің 17-тарауында белгіленген салдары орын алады.

4-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒА ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ

25-тарау. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері

106. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты Сақтандыру ережелерінің шарттары егер Полисте сақтандыру шартында сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру қарастырылған болса ғана, сонымен қатар Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда ғана әрекет ететін болады.

107. Осы Сақтандыру ережелерінің 26-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайлары орын алғанда аралас өмірді сақтандыру шарттары бойынша қарастырылған сақтандыру төлеміне қосымша Сақтандырушы осы Бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде қосымша сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

26-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

108. Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайына (сақтандыру тәуекелі) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған қайғылы оқиға күнінен бастап алты ай ішінде қайтыс болуы орын алуы жатады.

27-тарау. Сақтандыру жағдайларынан шектеулер және сақтандыру шектеулері

109. осы Сақтандыру ережелерінің 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, Сақтандырушы егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса босатылатын болады:

- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
- 2) Әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) Азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері, оларға қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер кірмейді (растайтын құжаттар болған жағдайда);
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 7) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайына әкелген немесе онымен себепті-тексеру байланысында тұрған орта және одан жоғары дәрежеде алкогольдік мастану, сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы, оларға медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайы кірмейді;
- 8) Алкоголизм алкогольді тұтынумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрде пайдаланумен байланысты болады;
- 9) Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде қарастырылған қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

- 10) Кәсіби спорт түрімен шұғылдану, егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қабылданғанда осы ақпаратты мәлімдемеген болса және осы ақпарат сақтандыру шартында көрсетілмеген болса;
- 11) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
- 12) Бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 13) Қайғылы оқиға салдарынан орын алған сырқаттану түрлерін қоспағанда кез келген ауру түрлері;
- 14) Апоплексикалық соққы;

28-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері.

110. Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайында сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.
111. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Бонусты сақтандыру сомасы сақтандыру шарты талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға қайғылы оқиға нәтижесінде қайтыс болу жағдайына әкелген қайғылы оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі сомасына қосылмайды және төленуге тиісті емес.
112. Егер Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы қайғылы оқиға себебі бойынша орын алған болса, Сақтандыру төлемі осы Сақтандыру ережелерінің 27-тарауында көрсетілген шарттарды ескере отырып, сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.

5-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29-тарау. Сақтанушының орналасқан жерінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгеруі

113. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы бойынша хабарлама жібереді.
114. Сақтанушы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы өзгерген жағдайда ол он күн ішінде Сақтандырушыға мекенжайын хабарлауға міндетті. Кері жағдайда алдыңғы көрсетілген оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарлама бойынша тараптар міндеттерін орындаған (жарамды) болып саналады.
115. Сақтанушы оның орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасындағы Сақтанушының хат-хабарынан жеткізу үшін жауапты сенімді тұлғаны көрсетуге міндетті.

30-тарау. Қосымша шарттар

116. Кез келген сақтандыру шартына қатысты хабарлама, өтініш, ескерту, түсіндіру жазбаша үлгіде оларды жөнелтуді растауға мүмкін болатын тәсілмен жазбаша үлгіде орындалуы тиіс.

117. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Сақтандыру ережелері және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.

118. Сақтандыру шартында реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес регламенттеледі.

119. Полисті жоғалтқан жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға ол туралы хабарлауға және Полистің телқұжатын алуға өтініш беруге міндетті. Сақтандырушы тиісті телқұжатты бергеннен кейін, жоғалған Полис немесе Полистің қосымшасы жарамсыз болады.

120. Сақтандыру шартын жасаған Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады. Егер осындай даулар келіссөздер арқылы шешілмеген болса, олар жауапкердің орналасқан мекенжай бойынша сот тәртібінде шешілетін болады.

121. Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) және осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген барлық сома сақтандыру шартының талаптарына сәйкес теңгемен төленуге тиісті болады.

122. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруіне байланысты осы Сақтандыру ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы қайшы келіп жатса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулер енгізбестен, автоматты түрде күшін жояды. Осы Сақтандыру ережесінің біреуі жарамсыз болса, ол қалған ережелерге қатысты емес. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынастарды реттейтін өзге ережемен алмастырылады.

123. Осы Сақтандыру шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Сақтандыру шартының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.